

Г 2005

776 14

Узбен Құрманбайұлы



# ОРАЛҒАН БАҚЫТ, ОРЫНДАЛҒАН АРМАН







Үзбен Құрманбайұлы

**ОРАЛҒАН БАҚЫТ,  
ОРЫНДАЛҒАН АРМАН**



ББК 84 Қаз 7

Қ 77

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

**Құрманбайұлы Үзбен.**

Қ 77 Оралған бақыт, орындалған арман.  
Астана: Аударма, 2004.— 232 бет.

ISBN 9965-18-095-4

Үзбен Құрманбайұлы — Монголияның Баян-Өлгій аймағының “Ардақты азаматы”, көпті көрген, көзі ашық, көкірегі ояу, зерделі жан. Ол — шетте жүрсө де төуелсіздікке қолы жеткен Қазақ Елінің әрбір қадамының қуана құптаап, табысына тілекші болып жүрген қандастарымыздың бірі. Бұл кітап — оның арман орындалып, ортақ бақытымыз оралған сәттегі шаттықтың өсерінен туған ой-пікір, толғаныстарының жемісі, жүрекжарды лебізі.

Қ 4702250200 — 106  
00 (05) — 04

ББК 84 Қаз 7

ISBN 9965-18-095-4

© Құрманбайұлы Ү., 2004  
© «Аударма» баспасы, 2004

**Үзбен Құрманбайұлы**  
**ОРАЛҒАН БАҚЫТ, ОРЫНДАЛҒАН АРМАН**  
*(қазақ тілінде)*

Редакторы *Кайырды Назырбаев*  
Суретшісі *Бекен Жапаров*

Техникалық редакторы *Светлана Бейсенова*  
Компьютерде беттеген *Жанна Жақсыбайқызы*  
Корректоры *Гүлназ Әскербекқызы*

ИБ № 106

Теруге 20.11.2003 ж. жіберілді. Басуга 04.03.2004 ж. қол қойылды. Пішімі 70x108 1/32.  
Қаралымы оффсеттік. Каріп түрі «KzSBcgt». Басылымы оффсеттік. Шартты баспа табағы 10,15.  
Есептік баспа табағы 9,21. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №506.

•Аударма• баспасы,  
473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.  
Астана полиграфия» жабық акционерлік қоғамы,  
473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 26.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КТАРЛЫНАСЫ

00013765

*Байлыгы тасқан дала,  
акылы асқан аға*

Ұлттымыздың рухымен бірге оян-  
ған жүрек тебіренісімді осы кітап-  
тың бетіне түсіріп, егеменді еліміз —  
Қазақстан Республикасының Прези-  
денті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев,  
Сіздің, күллі қазақстандықтар, сіз-  
дердің қаһармандықтарының  
құрметіне арнадым.

Автор.

Таулардың сырын мен жақсы білемін. Өйткені, жазиралы жазық даласынан, жасыл шалғын майсасы мен мәуелеп өскен орманынан да, өзен-көлдерінен де, тауы көп елде, жан-жағын жалаңаш, көгілдір, күрең ала таулар қоршаған жерде туып өстім. Біздің таулар да биік-ақ. Бірімен-бірі бой жарыстыргандай таласа-тармаса көкке шашылып тұрады. Сол үшін де таулар маган сырмінез. Сол тауларға жарты ғасыр уақыт бойы қарай-қарай, кейде олармен сырласа да жүріп, терең ойлап, бекем түйгенім — таулардың ең асқар биігін адам алыстан қарагандаған анықтап, айыра таниды.

Менің ұлтым — қазақ, тарихи отаным, сонау тұп аталарымның мәңгілік бесігі де, үрпақтарымның ұлы ордасы да, өзімнің мақтанышым, намысым, махаббатым да — Қазақстан. Сондықтан, туган жерімдегі мені ая-сына алған Алтайдың құз-қия, зәулім шыңдарын бірімен-бірін салыстыра отырып ой ләzzатына бөлөнетінім секілді Қазақ елін де әлемдегі әр елмен салыстыра, қатарластыра қарап, содан жылт еткен бір жылды ұшқын, өзгеше ерекшелік табуға ұмтыламын. Осындай ойлар жетегінде еріксіз қалам тербедім.

Бұғын, міне, желтоқсанның 23-і 2002 /жылқы/ жыл. Теледидардан Үрімжі бағдарламасын көріп отырмын. Көгілдір айна бетінде Бейжін. Қазақстан Республика-

сының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қытай Халық Республикасына сапарлаған сәті. Нұрекең, біздің Нұрекең, әне, ұлы Қытай елінің мемлекет басшыларымен иық тіресе сөлемдесіп, еменжарқын дидарласып қолтықтаса ілгері аттады. Қол үстаса, бой теңесе әлемге қарады... Н.Ә.Назарбаев, ҆Цзянь-Зэминь — екеуі де Елбасы. Бірақ халық саны жағынан Қытай елі екі миллиардқа ұмтылса, Қазақ елі жиырма миллионға жете алмай келеді. Дей тұрганмен,

*“Қой асығын қорлама, қолайыңа жақса — сақа тұт,  
Жасы кіші болса да, ақылы асса — аға тұт,”* —  
дейтін аталы сөз бар гой, ұлы елдің басшылары ұлылығын танытты, ұлылықты таныды, ұлы ұлымызды, ұлығымызды құрмет тұтты, сол арқылы Қазақ еліне де ізет, ізгі ниет білдірді. Менің елім егемендігін алып, еңсесін көтергелі он үш жыл өткен Қазақстаным — кіші мемлекет емес. Ол — дарқан дала, шалқар байлығы, қаһармандығы мен қайсарлығы, айбындылығы, ақпейілдігі арқылы ғана емес, ақылпарасатты ел ағасы арқылы да асқақ екен! “Алтын ауырлығымен емес, асылдығымен қымбат!”

Ешқандай ілімге жүгінбей-ақ баршамызға мәлім болған қағида — халықсыз, мекен-жерсіз, дәулетсіз, тілісіз салт-санасыз бір де бір ұлт, мемлекет өмір сүріп тұра алмайды. Сондай-ақ, “Төресіз ел болмайды, төбесіз жер болмайды” деп Ер Жәнібек бабамыздың мақалдағанындай, өзінің елінің көш-керуенін дұрыс бастап алып жүретін басшымыз, ақыл-саны, адамгершілік қасиет, қарым-қатынасымен әлемдік

аренада басқа елдердің басшыларымен терезесі тең түсетін мықты лидерсіз де ұлт болып, мемлекет болу екі талай. Шетелде, соның ішінде Монголияда тұратын қазақтар Қазақстанға, Нұрекеңе осы тұрғыдан қарап, алыстан көз жібере отырып осылайша топшылап, ынта қоямыз. Шүкірлік етеміз. Мақтаныш сезімге бөленеміз.

Нұрекеңді, әрине, бір қалада, бір елде тұрып, бір ауаны жұтып, дидар-келбетін күнде көріп, лебізін жақыннан тыңдал жүрген Қазақстандық ағайындар жан-жақты да жетік біліп, ықылас-мейіріне кенеліп, кемеңгерліктері мен кереметтіктеріне лайықты баға беретіндігіне күмәнім жоқ. Десе де, “Жақсының жақсылығын айт — нұры тассын” демекші, мыңдан түлпар болып, озық шығып дара туған Перзентіміздің мерейін көтеріп, жігеріне жігер қосу үшін ғана емес, ұлттымыздың бүгінгі және келешек мұддесіне де теңізге тамшы болып септігін тигізсін деп, мен осы жазбаны, құрметті оқырмандар, Сіздердің құзырларыңызға ұсынуды ниет еттім. Зердемен оқып, кәдеге жаратсаныздар, мың да бір рахмет, Алла жар болгай!

\* \* \*

“Қырсық шалған — қырық сүрінеді” деп халқымыз тегін айтпаған. Шыңғыс шапқыншылығы, ойрат ойраны, ақпатша отаршылдығы, сталиндік нәубет, голощекиндік ылан, фашистік қырғын, тоталитарлық теперіш сынды жаңаша жыл санаудың екінші мың жылдығы бойына қазақ халқының кешпеген қасірет, шекпеген тақсіреті бар ма еді?

*“Қазағым елім,  
Қайқайып белің,  
Сынуға тұр таянып.  
Талауда малың,  
Қамауда жаның,*

*Аш көзінді оянып”,* — деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай көркейгені сол, жері тозды, көсегесі көгер-гені сол, елі де тозды, азып кетуге сөл қалды.

Тәңір, тағдыр, тарих, табиғат — құдіретті күштер. Біз олардың қадір-қасиетіне бүгінгі дөүірде тіптен терең көз жіберетін болдық. ”Отамалы оңына бақса— от алғанша” дейді. ”Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан” деп қазақ ырым етеді. Мүмкін де шығар. Бірақ Тәңір, Тағдыр, Тарих, Табиғат пейілі түсіп, қазақтың маңдайына берген Нұрсұлтан Әбішұлының кемел ақыл-ой, керемет күш-жігері арқасында егеменді Қазақ Елі бірер жылда қайта түлеп, қарыштап өркендерегенің көзбен де көрдім, сан азаматтың, сан елдер өкілдерінің аузынан да естідім. ”Содан бері, мінеки, он жыл өтті. Он жыл тарих үшін қас-қағым сөттей болуы мүмкін, бірақ жылға бергісіз күндер, ғасырға бергісіз жылдар болады. Соңғы он жылда ғасырға татитын оқиға болды десек, артық айтқандық болмас” — деген Нұрекеңнің өз ұлагаты өбден орынды, талассыз шындық.

Осынау жарқын сөз, жалынды дауысты ет құлақпен естудің сәті түскен өлем қазақтарының екінші құрылтайы қарсаңында мен Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Төрағасының орынбасары, шетелдегі қандастарының ең жағын досы,

жанашыр қамқоры Қалекең — Қалдарбек Найманбаев ағаның қолдауымен атамекен Қазақстанның тағы да бірқыдыру жерін аралап көрдім.

Өйткені, ең өуелі өзінді тануың керек қой.

Сағым жетпес сайын даламыз, салқам сахарамыз неткен ұлан-байтақ, ұшатын қанаты бар құс екеш құс түгіл жансыз болат лайнердің қанаты талардай шетшегі жоқ, далиып, жайылып жатыр. Қандай ыстық, жылды сулы көлі де, мәңгі қарлы тауы да, ыстық, көзіңе оттай басылады, кеудене нұр боп шашылады. Өйткені, бұл — тіпті өлмисақтан біздің жеріміз, менің жерім ғой. Иә, бұрын менің жерім деп ашық айтудан жалтарып, жасқаншақтаушы едік, әлдеқалай болып кетер екен деп құдіктенетін де едік. Енді ше, енді шаттанбасқа да, мақтанбасқа да шараң жоқ, өйткені осынау кеңбайтақ қазақ мекен-жерінің төрт құбыласы бекіп, шет-шегі заңдасып, ұлтымыздың өз иелігіне біржолата келді. Енді бұл киелі жерге бөгденің тышқаны да жорғалап кіріп келуіне хақысы жоқ. Ал, кімнің тұсында, кімдердің күшімен, ерлігімен, даналығымен ие болдық осынау нағыз қожайындық ерікке? Әрине, Назарбаевтың, ол басқарған мемлекеттің, оны қолдаған қалың халық — Қазақстандықтардың арқасында! Осынау жеңіс-жетістіктің ұрыс жанжал, бұл іншіліксіз, қантөгіссіз келгеніне әрі таң қаласың, әрі мен және сен ғана емес, Азия халықтары, әлемдегі адад ниетті адамзат дән риза десем де өсте өсірелеу емес.

Қазақ жері — күллі қазақ баласының анасы, бабалардың мәңгілік киелі бесігі. Міне, осынау ең басты

да, ең құнды дүниемізді қорғаштап алып, оған өзіміз иелік етуімізге 1991 жылы 16 желтоқсанда Нұрекең қол қойған “Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы” Заңына сәйкес Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының дүниеге келуі, Қазақстанның БҰҰ-ға мүшелікке өтуі, Қазақстанның өз ұланы мен қарулы құштерін құруы, мұсылман әлемімен де қарым-қатынасты нығайтуда оңтайлы қадам жасаумен қатар қазақ топырағын мекен еткен барлық ұлттар тізгінді тең ұстай отырып, қазақтың ұлт-жандылық қасиетін дамытуға кең жол ашуы, облыс, астана қатарлы құрылымды ұтымды жасауы, ақыр соңында іргелес елдермен келісе отырып, мемлекеттік шекараны ың-шыңсыз белгілеп, бекемдеп алуы — міне, солардың барлығы ықпал етті. Баршасы Нұрекеңнің кеменгерлігімен, заманда серіктерінің іскерлігімен, халқы оны қолдап-қоршап “бір жеңнен қол, бір жағадан бас” шығаруымен жүзеге асты.

Ақыл-ой, әдіс-айла, елінің тағдыр-талайын қорғаудағы ерліктері түрғысында Президент Нұрсұлтан көп жағдайда ұлы бабалар бейнесін еске түсіріп отырады. Табанды батылдығы мен қайтпас қайсарлығы мында біреуде болатын қасиет.

Қылышынан қан тамған Ресей патшалығына бодандық жөнінде ант беруден Абылайдың үзілдікесілді бас тартқаны секілді, “ұлы мемлекеттер біздің қауіпсіздігімізге кепілдік берсін, әйтпесе біз ядролық қарулардан бас тартпаймыз” деп ең айбынды мемлекет Американың қызымына қоңбей өзінің дегеніне жетуі Елбасы Назарбаевтың отаны

үшін от пен судан да қайтпайтындығын, қай елдің билеушісімен де шендересетін парасаттылығын дәлелдейді. Сөйте тұра, ол құқай, күш көрсетуді қала-майды. Халқын жанжалдан аулақ ұстаумен келеді. "Туды қалай тік ұстап қаламыз қолымызда? Осы тәуелсіздікті шынайы ету үшін не істеу керек? Көршілерімізben қан төгіспеу керек, тыныштық керек. Немене, тәуелсіздікті тек қана соғыспен, қан-төгіспен алу керек пе? Біз тәуелсіздігімізді ақылмен, ата-баба жолымен алдық деп ойлаймын."

Осылайша өзі айтқандай Қазақстан тәуелсіздігінің жеңісі де, одан бергі уақыттағы жемісі мен жетістігі ұлағатты Елбасының сындарлы саясатының арқасында салтанат құрып келе жатқандығына бір де бір адам дау айта алмақ емес. Оның саясатының дұрыстығының сырьы неде? Оның сырьы — Нұрекеңнің білімі мен тәжірибесіне, ақыл-парасаты мен арұжданына, ерекше сезімталдығына сүйене отырып, уақыттың да, халқының да тамырын дәл басып, олар не айтатынын дер кезінде түсіне біліп, орайын тауып батыл шешім қабылдап, мемлекет пен халық мұддесін ұштастыра, жымдастыра білетіндігінде деп білеміз. Болашақты көрегендікпен болжай қабілеті күшті. Алда не күтіп тұрса да, ол мейлі аңы, мейлі тәтті болсын, балдан тәтті өтіріктен удан аңы шындық артық деп, қараша халыққа жариялды тұрде ағынан жарылып, бұкпесіз жеткізіп, жақсылық күтіп тұрса жайбарақттанбауға, қын-қыстау жолдар тосып жатса, қаймықпай да тайсалмай жеңіп шығуға шақырып отырады.

Үш елге сапарында Нұрекеңнің қырық сағаттай үшақта болып, қырық мыңдай шақырым жол жүргендігі туралы бір газетте жазылған-ды. Бұл екшеп-сұрыптаپ алған, дәріптеу үшінгі факт емес, іліп алған бір мысал еді. Әйтпегенде, бір айда одан да көп уақыт үшақта болып, мыңдаған шақырым жол жүрген кездері де болған шығар. Биыл дәл Мұхаммед пайғамбар жасына толатын Нұрагадан жас бола тұра, өз басым Өлгий мен Ұланбатыр арасындағы жолда небары төрт сағат үшаққа отырып жеткенде, екі мың шақырымға жетпейтін сол жолды жаяу басып келгендей шаршап, бірнеше күн дел-сал күй кештім. Оның үстіне мені сын көзben қарсы алатын, сындарлы сөз сөйлететін, еларалық пікір-таластар мен келіссөздерге шақыратын ешкім де күтіп тұра бермейтіні белгілі.

Ал ел басшысы үшін үшақта отыру, мыңдаған шақырым сапар шегу түкке де тұрмайды, бәрінен қыныны — құллі бір елдің, мемлекетінің атынан сөйлеу, мәмлеке келу немесе тәжікелесу. Бір ойдан жаңылсаң, бір сөзден мұдірсен, қадамыңды жалғыз рет мұлт бассаң, өзіңнің де, қалың еліңнің де беделіне, муддесіне нұқсан келмек.

Жауапты лауазымга тағайындау үшін қаншама азаматты тануға уақыт бөледі. Қынжылтатын, қия алмайтын адамдары да көп... Бірақ!..

Нұрекең жыл сайын үш-төрт ай өзінің отбасында бола алмайды, оған мұршасы тимейді деп естіміз. Осы жайт сізге де, маған да әрі аяныш, әрі мақтаныш сезімін тудырmas па? Елі үшін туған нағыз қазақ азжаты ол.

Күн күрғатпай емес, сағат, минут сайын күтіп тұратын мәжіліс, кеңес, кездесу, салтанат...Оның үстіне мұңсыз, мұқтажсыз пенде болмайды. Қазақстандагы 16 миллиондай халықтың, шетелдердегі 5 миллиондай қазақтың кемінде тең жартысының Н.Ә. Назарбаевпен дидарласып, дәтін айтып, сөті түссе мұншерін ағытып, тым болмаса қолын ұстап бір рет сәлем беруді армандағайтыны кемде кем-ақ болар.

Нұрекеңді менің аңсай жүріп ең жақын жерден көргенім — Әлем қазақтары екінші құрылтайының салтанаты аяқтала қалған сөт. Құрылтайдың жүздеген өкілдері лапқойды. Нұрекеңді қаумалап, қоршап қалтап алды. Гу-гу, ду-ду. Қол созып бәрі де үмтүлады. Аялы алақанын бір ұстап қалуга ынтызар. “Қайтсін-ай, ел-елден арып-шаршап, аңсай жеткенде жақынданап келіп мұбарақ қолын бір сипасын да” деймін ет-бауырым елжіреп. “Япыр-ау, бұлардың естері дұрыс па, ентелеп қайтеді. Бір жерін ауыртып тастамай ма!” деймін тағы бірде ызаланып. Қезекпен қолын ұстап жатыр. Біреуі құшақтайды, екі бетінен алма-кезек сүйеді.

Атақ-абырой, мерей-мәртебе үшін емес, өзі бас болып іргесін қаласқан тәуелсіз мемлекетінің, қалың елінің мұддесі үшін осыншама жанкештілікпен, зор қажыр-қайратпен үздіксіз қызмет етіп, елінің қайтқан бақытын оралтып, алыстанап кеткен арманын орындатқан қазақ лидерінің құдіретіне бас имесең адад парызынды ақтамаған болар едің.

*“Шексін азап, көрсін қорлық әз басым,  
Елдігімнің оты мәңгі маздасын.*

*Жан да шыгар, тағдыр солай жазгасын,*

*Ебі кетіп елім сорлат тозбасын,*” — депті ғой әлемді жаулап зар иletse де, Моңгол мемлекетінің іргесін қалап, шаңырағын көтерген хан Шыңғыс.

Дүние жүзі қазақтарының екінші құрылтайы қазақ халқының тарихындағы елеулі оқиға болғандығы еш уақытта естен кетпес, сірө. Әр елдердің саясатына, жер-жерде жүрген қандастарымызға жеке-жеке баға берген, Қазақстанның бағыт-бағдарына сындарлы тұжырым жасаған Нұрекеңнің баяндамасы күллі өкілдерді толқытты.

Нұрекең қысқа ғана сөйлеген сөзінде әлемдегі қазақтарға арналған аманат сөзін түгел айтты-ау деймін. Тағы да сөйлесе еken деп тіледік.

“Оралмандар жөнінде арнайы заң қабылданса, бәрі де үйлесімді болады” деп осы құрылтайда бір парламент мүшесінің көтерген ұсынысы шетелде жүрген қандастарымыздың көкейіне ерекше қонды.

Құрылтай қонақтары ежелгі даналарымыз bas қосып, бірлікке келген Ордабасында болған сәттің өсерлігі сондай. Осынау киелі жерде тұрып Қалдарбек Найманбаевтың сейлекен жігерлі сөзіне меймандар үнсіз құлақ түріп: “Еліміз аман болса, Нұрекеңіз аман болса, ойлаған арман-мақсаттарымызға жетеміз” деген жалынды сөзін естігенде ду қол соқты, бас шұлғи құптап, ұран сала мақұлдады. Өйткені, ол кісі біздің жүрекжарды сөзімізді айтты.

Нұрекең аттанып кеткеннен кейін құрылтай билігін қолына алыш, салиқалы да салмақты сөз сөйлекен

сергек те сезімтал азамат Мұхтар Құл-Мұхаммед ел-елден келген аға-бауырларына айрықша ұнап, олар оған ыстық ықыластарын жаудырып жатты.

Әулиелер мен пірлеріміздің, ел берекесі хандарымыз беренде қорғаны батырларымыздың, данышпандардың мәңгілік бесігіне айналған осынау асыл топырақта, ежелгі астанамыз төрінде сөйлеген сөз, айтылған лебіздер, оларды қолдаған алғыс, ықылас-бatalар: “Біз отанымызды қөзіміздің қарашығындаи сақтаймыз, өркендетеміз, ол үшін әрдайым татулық пен береке-бірлікте боламыз, саналы күрес жүргіземіз, жанқиярлықпен еңбек етеміз. Мемлекетімізге адал-мыз!” деген серттей болып жүрегімізге жазылды. Ұлағатты сөздер Әнұранмен астасты. Қазақ рухы осында бой түзеп, күмбезін күн сүйген зәулім ескерткіш, алып мұнаралардан да биікке көтерілді, көгілдір Тумен бірге шалқып, қазақтың ашық аспанында қалықтады.

Әрбір азамат өз лебізін, ой-тілегін білдіруіне ық-тиярлы. Сондықтан басқалардан марапат күту үшін емес, қазақ халқының болашағы үшін ғана қалам тартып, өз ойымды ортага салып отырмын. Иә, бұл орайда менде тарихшылармен, философтармен, саясаткерлермен, жазушылармен шендерсейін деген ниет жоқ, ойыңды осылайша жазшы деп азғырып, әбігерлеген де ешбір жанды көрмедім.

Өзімнің ой-толғаныс, пайымдауларымды хал-қыма, оқырман жүртшылыққа білдірсем деген ниеттің осы жазбаны қолға алдым. Артық-ауысы болса гафу етіңіз, құптамасаңыз, өкпе-ренішім жоқ, ма-құлдасаңыз, Алла разы болсын!

*Қазақтың дара тұған  
пәрдінші,  
Қазақстанның наф төлгөлісі  
президенті*

“Мен көркем мінезді толықтас-  
тыру үшін жіберілдім” деп рааят  
етті пайғамбарымыз. Жәбелұлы  
Мұғаз былай деді: “Иеменге уәли  
болып кетерімде аяғымды үзенгіге  
салған кездегі пайғамбарымыз  
Falaihi саламның маған соңғы  
укімі: “Әй, Жәбелұлы Мұғаз! Адам-  
дарға байланысты мінезінді көркем-  
дестір” — болды.

Хадистен.

Қазақтың біртуар азаматы Д.А.Қонаев: “Назар-бастың ең басты артықшылығы оның қылышылдаған жастығы, алғырлығы мен лапылдаған қайрат-жігері еді” /“Өтті дәурен осылай”. 385-бет/ деген екен. Алғаш Қарағанды металлургия өндірісінде қызмет істеп жүрген кезінде Нұрекеңді тауып, танып, оны баулуға, бірте-бірте ел басқаруына себепкер болған да Димекен. Ұлтжанды ұлы тұлға Димекен бұл тұрғыда ешқандай жерлестік, руластық, сыйбайластық секілді көртартпа өлшемдерді еске алмаған. Өзімен шенденесетін ірі тұлғаның шығып келетінін де аңғармай қойған жоқ, қызғанбаған, қайта қуанған, үлкен үміт артқан. Не үшін? Елі үшін, ұлты үшін. Қазақ елінің еркіндігін, азаттығын аңсаумен, сол жолда тынымсыз күрес жасаумен ұзақ та саналы ғұмырын сарп еткен Димекеннің имандай сеніп, жан сырын айтатынын Нұрекеңнің мына естелігінен оқып-білдік: “1980 жылдың басындағы бір оқиға ойымға келеді. Біз бірде оның ұшағымен республиканың күңгейінен теріс-кейіне бардық. Кенет мені қасына шақырып алып: “Біздің республикамыз қандай үлкен! Шіркін, өз алдымызға дербес мемлекет болсақ қой,” — деп сыйбырлап, саусағымен аузын басты. Мұндай нәрселерді ол ылғи, ұшақта сыйбырлап айтатын”. Қандай үрейлі! “Жан жолдасың — қарауыл”, екінің бірі “тіл”,

жоғарыдағылар — жендет, төменгілер жалбақтап-жалтақтаған жарамсақ болып өмір кешкен тоталитарлық қатал дәуірде, ондай сөз КОКП Саяси бюросы мүшесі түгіл үйде отырған шал-кемпірдің узынан шығуы үлкен қатерге ұшырата-тын тұста, осындай көзқарастың екі алыштың арасында мұң мен сыр болып қана айтылуы таңға-жайып жағдай емес пе.

Қалай болғанда да, “алғырлық, лапылдаған қайрат-жігер” кез келген адамда болмайтын қасиет. Оның үстіне мұндай үлкен бағаға міллиондардың ішінен біреу ғана ие болып отырса, біздің қалауымыз бер қолдауымыздың да мұлт баспағаны. “Бассыз ел жетім, балықсыз көл жетім” деп ұлы Димекең өз елін жетімсірептеудің қамын ерте ойлағанын тарих өзі-ақ дәлелдеп берді.

“Өке — балаға сыншы” дейді халқымыз. Сондай-ақ, мінсіз ата, мінсіз бала да бола қоймас. Міні болмаса да барлық мінез-құлық, іс-әрекетімен біріне-бірі толық жағып кете бермейді. Сондай жағдайлардың салдарынан осынау екі ірі тұлғаның көзқарасы үйлесе қоймаған кездері де болған шығар. Алайда, күллі халық мұддесі ушін екеуінің арман мақсаты бір нысанада тоқайласқаны, бірін-бірі қолдағаны, арқа тұтқаны Қазақ елінің тағдырына оңтайлы ықпал еткендігі бір ганибет іс.

Монголия қазақтары өздерінің көреген азаматы ретінде бір адамды ерекше құрмет тұтады. Ол — жиырма жасында Монголия Ұлы Халық Құрьелтайының

депутаттығына сайланған, МХРП Орталық комитетінің бөлім меңгерушісі болған, Партияның жоғарғы мектебінің ректоры болып отыз жылдай, Баян-Өлгій аймақтық партия комитетінің бірінші хатшысы болып оншақты жыл қызметтеген, Моңголияға еңбек сіңірген ұстаз, профессор Құрметбек Байтазаұлы /1924-1991/ еді. Моңголия қазақтарының атамекенге көші жөнінде алғашқы бастама көтерушілердің бірі Қүрекең болатын. Өйткені, Қүрекең осы елдегі қазақтардың тағдырына байланысты Н.Назарбаевқа 1990 жылы хат жазған. Сол хатының түп нұсқасы ардағер ағаның мұрафатынан алынып, кейін аймақтық “Жаңа өмір” газетінде /1992 жылы № 34/ жарияланды.

1946 жылды Қазақстан Фылым академиясын ашуға арналған салтанатқа Моңголиядан делегат болып қатысқан, Моңголияның басшы кадрларының басым көпшілігі “Ұстазымыз” деп ардақтайтын аса зерделі сол Қүрекең осы хатында өуелі Нұрекеңнің өзі туралы былай деп жазыпты: “Сіз жөнінде ел аузынан, баспа, теледидардан естіп, оқып, сыртыңыздан таныстым. Білімді, ақылды, тәуекелшіл жүректілігіңіз, іскер тапқырлығыңыз бізді сүйіндіреді. Жаратылыстан бойға дарыған талапты, талантты азаматтың бұл қасиеттері өлі де толығып өсе беретіні мәлім рой...” Бұл да әділ баға.

Осы елдегі қазақтардың XX ғасырдағы бірегей ақылгөйі гана емес, біліктілігі жоғары басшы-кадрларды 80 жыл бойы даярлап келе жатқан /қазіргі Саяси академия/ мектепке ширек ғасыр

басшылық еткен тәжірибелі ұстаздың сондағы берген бағасы мұлт кетпегені айдан анық.

Ол бір ғана адамның бағамдауы емес, Моңголия қазақтарының, жалпы шетелдегі қандастарымыздың бағасы, ілтипаты еді. Әсіресе, Нүрекеңнің өз отанын қызығыштай қорып, оның мүддесін табандылықпен, кемеңгерлікпен қорғаған бастамалары көңілімізге осындай әсер туғызған.

Енді ол кісі туралы басқалардың да көзқарасына жүгінелік.

Өлемдегі ел-елдің тарихы, қазіргі өлеуметтік-экономикалық саясаты, мемлекеттік құпиялары бізге толық мәлім емес. Тек сыр-сыпаттарына, кейбір қимыл-әрекеттеріне қарап сырттай болжам жасап бағамдаймыз. Әр елдің өзіндік қылыш-қылыш саясаты бар. Біреулері іргесін ғана сақтап, “жатқанға жан жуымас” жағдайда тыныш, дербес жатады. Тағы біреулері айбар, қару жұмсақ, күш басымдығы арқылы басқаның несібесін тартып әкеткісі келеді. Үшіншісі, басқаға қарсы орынсыз әрекет іstemейді, бірақ жауығып келсе жан аяп, бас сауғалап жатып алғысы келмейді.

Мұндайды біздің халық “қару алмайды, қайрат алады” дейді. “Егер біз шынында да қауіпсіз болатынымызға, ондай кепілдік берілетініне көзіміз жетсе тек сонда ғана ядролық қару мәселесін шеше алмақшымыз”. Ядролық қаруға байланысты аса ықпалды мемлекеттерден қатыл талап қойылған шақтарда Қазақстан Республикасы Президентінің ұстанған саясаты осы

болды. Қандай айла-шарғы, сұс көрсетуде де Президент табандылық, қайсаrlық таныта білді. Америка Құрама Штаттарының сол кездегі мемлекеттік хатшысы Джеймс Бейкер өзінің 1991 жылы Алматыға келіп Н.Ә.Назарбаевпен кездесіп, жоғарыдағы мәселе тәңірегінде мәмлекеттік болғандығы жайындағы өзінің “Мәмілекерлік саясаты” атты кітабында: “Мен таңғы үште ғана өз бөлмеме оралдым. Сонда Назарбаевпен болған әлгі үш сағаттық жолығысуымның бұған дейінгі өткізген жолығысуларымның ішіндегі ең жақсысы болғанын іштей сезіндім. Ол ешбір асыра бағалаусызың-ақ айта қаларлықтай өсер қалдыратын айтулы лидер екен. Назарбаев керек нәрсені дәл көре алады, түсінікті нәрсені жүзеге асатында жүйелі жолға қоя алады” деп баға берген.

Міне, бұл дүние жүзіндегі ең бір айбынды елдің мемлекет қайраткерінің лебізі еді.

Өздерінің ниетін жүзеге асыра алмасада, Назарбаевқа екпелі бола тұра ол туралы тұжырымын іште бүгіп қала алмаған Джеймс Бейкер де әділ саясаткер.

*“Көш бастау қыын емес,  
Қонағын жерден көл табылады.  
Қол бастау қыын емес,  
Шабатын жерден ел табылады.  
Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргем  
жоқ,” — депті Бұқар жырау.*

Қазақ халқының ұлттық ұраншысы, дүлдүл жыршысы осылай айтады. Шынында, сөз өнері, шешендік — азамат үшін, әсіресе ел серкесі — басшылар мен саясаткерлерге үлкен сынақ. Ол ақыл-парасат